



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

12.10.2022 жыл

№ 19, 1-т

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің,  
жұмыс берушілер өкілдерінің және Қазақстандық  
салалық білім және ғылым қызметкерлері  
кәсіподағының арасындағы 2021-2023 жылдарға  
арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімнің  
негізгі ережелерін орындау барысы туралы**

Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровтың «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, жұмыс берушілер өкілдерінің және Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімнің негізгі ережелерін орындау барысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті атап өтеді:

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы, қаралатын келісім тарабы бола отырып, тараптардың келісім шарттарын толық орындауға түбегейлі шаралар қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік туралы келісім қатысушылары жалпы өздеріне қабылдаған міндеттерді орындайды. Салалық келісім тараптар мүдделерінің теңдігіне қол жеткізудің, келісім субъектілерінің арасында туындайтын қарама-қайшылықты жоюдың ықпалды құралы болып табылады.

Салалық келісім ағарту саласы еңбекшілерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды тиімді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне бөліну жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты тиісті салалардың қайта құрылған уәкілетті мемлекеттік органдарымен әріптестік қатынастар құру жөнінде жұмыс басталды.

Дегенмен, әлеуметтік әріптестік тәжірибесінде өз шешімдерін талап ететін жеке мәселелер де бар.

Мұндай мәселелердің бірі мемлекеттік органдардың кәсіподақ қызметіне заңсыз араласуы, оны бақылауға қоюға ұмтылуы, бұл қолданыстағы заңнаманы және әлеуметтік әріптестік туралы Келісім шарттарын бұзушылық болып табылады.

Еңбек жанжалдарының себебі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар мәселелері

бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын Кәсіподақпен келісім жасаудан бас тарту жағдайлары болуы мүмкін.

Ағарту саласында калыптасқан әлеуметтік әріптестік жүйесін бұзуға қауіп уәкілетті мемлекеттік органның бұл жерде жалған салалық кәсіподақтармен бірнеше салалық келісімдер жасау арқылы «бәсекелі орта» құруға ұмтылысы болды.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровтың «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, жұмыс берушілер өкілдерінің және Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімнің негізгі ережелерін орындау барысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіподақ басшылығына (Мұқашева А.М., Беженаров В.Ф., Әбиева Ә.Ә.):

2.1. Мемлекеттік органдардың Кәсіподақ құрылымдарының қызметіне заңсыз араласу фактілері толық тексеріліп, кәсіподақ құқығын қорғау жөнінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен ұсынылған қорғау түрлері (сотқа, құқық қорғау органдарына жүгіну, наразылықтың ынтымақты акциялары және т.б.) арқылы ұсыныстар дайындау.

2.2. Оқу-ағарту саласында әлеуметтік әріптестік жүйесін реттеу жөнінде қажетті шаралар, қолданыстан басқа салалық келісімдерге қол қоюдың алдын алу үшін нақты іс-әрекеттер қабылдап, аталған мәселе бойынша түсіндірулер үшін әлеуметтік әріптестік жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияға жүгіну.

2.3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен және Қазақстан Республикасы ЖОО Қауымдастығымен 2022-2023 жылдарға арналған салалық деңгейде ғылым және жоғары білім қызметкерлері үшін еңбек шартын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөнінде әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісімге қол қоюды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Мүшелік ұйымдардың басқарушы органдарына:

3.1. Әлеуметтік әріптестік тиімділігін арттыру, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін білдіру және қорғау жөніндегі мақсатты бағытталған жұмыс қамтамасыз етілсін.

3.2. Кәсіподақ ұйымдарын ұйымдастырушылық нығайтуға, одақаралық ұйымдастырушылыққа және тәртіпке қол жеткізсін. Кәсіподақ құқығына қолсұғушылықтың әрбір жағдайына, жұмыс берушілер мен мемлекеттік билік органдары тарапынан кәсіподақ қызметіне заңсыз араласуға қарсы белсенді әрекет жасалсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева